

Ембі ТЫНЫСЫ

№23 (63)
желтоқсан
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті ембіліктер!

Еліміз үш онжылдыққа жуық уақыт бойы қазақ халқының дәстүрлерін сақтап және көпұлтты бірлікті нығайта отырып, өзінің саяси және экономикалық дамуын айқындауда.

Мемлекетіміздің экономикалық жетістіктеріне көбінесе қазақстандық және Ембі мұнайшыларының арқасында қол жеткізгенімізді мақтанышпен айтамыз. Компания өзінің тарихында елдің және Атырау облысының өркендеуіне зор үлес қосып келеді.

Бастапқы жылдары еңбек еткен мұнайшыларға жасалған жағдай мен бүгінгі ахуалды салыстыруға мүлдем келмейді. Бүгінде мұнай өндіру және өңдеу саласында өзгерістер көп. Техника мен технология жаңарды. Өндірістің өрлеу үрдісі үздіксіз жалғасып, мұнай өндіру қарқыны Тәуелсіздік жылдарында елімізде өркениетті өзгертіп, тұрмысымызды түзеп, экономикамыздың еңсе тіктеуіне жол ашты.

Баршаңызды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, елімізге ырыс-береке тілеймін!

Ізгі тілекпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы
Есен ҚАЙЫРЖАН



ҚМГ-ның 2020 жылғы тоғыз айдағы қаржылық нәтижелері

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ тәуелсіз аудитордың аралық қаржылық ақпаратты ауқымды тексеру нәтижелері жөніндегі есеппен бірге «Аралық қаржылық есептілік» 34-ші халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес әзірленген 2020 жылғы тоғыз айдағы аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жариялады.

ҚМГ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ДӘУРЕН ҚАРАБАЕВ:

«Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде қаржылық көрсеткіштердің төмендеуі мұнай бағасының арзандауына, COVID-19 пандемиясына және ОПЕК+ келісім шеңберінде өндіріс деңгейінің төмендеуіне байланысты болды.

Дегенмен, қаржылық нәтижелер жылдың басындағы болжамға қарағанда, әлдеқайда жақсы. ҚМГ сыртқы жағымсыз жағдайларға қарамастан, биылғы тоғыз айдың нәтижелері бойынша оң бос ақша ағынына қол жеткізе алды. Бұл Компанияның 2020-2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы стратегиясының арқасында мүмкін болды. Аталған стратегия аясында Компанияның шығындары қысқартылған болатын. Ұлттық компания қаржылық тұрақтылықты сақтау бойынша жоспарлы жұмысын да жалғастырып келеді. Қазан айында біз жалпы көлемі 750 млн АҚШ долларынан тұратын еурооблигациялардың 12,5-жылдық шығарылымын ойдағыдай орналастырдық. Компания түскен қаражатты 2022 және 2023 жылдары өтелуге тиіс еурооблигацияларды мерзімнен бұрын өтеуге пайдаланды.

2020 ЖЫЛҒЫ ТОҒЫЗ АЙДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР:

- 2020 жылғы тоғыз айдағы түсім 3 334 млрд теңгені (8 147 млн АҚШ доллары) құрап, 2019 жылдың осындай кезеңдегі көрсеткіштен 35,0%-ға кеміді;
- EBITDA көрсеткіші өткен жылдың осындай кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 43,2%-ға төмендеп, 851 млрд теңгені (2 081 млн АҚШ доллары) құрады;
- Компанияның есепті кезеңдегі таза пайдасы 2019 жылдың тоғыз айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 82,8%-ға азайып, 136 млрд теңге (333 млн АҚШ доллары) болды. Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезең ішіндегі пайда 223 млрд теңгені (545 млн АҚШ доллары) құрады.
- Бос ақша ағыны 146 млрд теңгені (357 млн АҚШ доллары) құрады;
- 2020 жылғы 30 қыркүйектегі Компанияның таза қарызы <https://www.kmg.kz/kaz/press-centr/press-relizy/?cid=0&rid=621> - _fn4 6 217 млн АҚШ долларын құрап, 2019 жылдың соңындағы 6 171 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 0,7%-ға артып отыр;
- 2020 жылғы 30 қыркүйектегі компанияның жалпы қарызы 2019 жылдың 31

желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 1,6%-ға азайып, 9 867 млн АҚШ долларын құрады.

	Өлшем бірлігі	9А 2020	9А 2019	%
Мұнай, Dated Brent	\$/barr.	41,06	64,59	-36,4%
Орташа бағам	теңге/ АҚШ доллары	409,23	381,52	7,3%
Түсім	млрд теңге	3 334	5 128	-35,0%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі	млрд теңге	323	639	-49,4%
Таза пайда	млрд теңге	136	794	-82,8%
Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезең ішіндегі таза пайда	млрд теңге	223	832	-73,2%

2020 ЖЫЛҒЫ ТОҒЫЗ АЙДАҒЫ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру деңгейі 6,6%-ға кеміп, 16 423 мың тоннаны құрады;
- Мұнай және газ тасымалдау көлемі 5,9% және 14,7%-ға азайып, 55225 мың тонна мұнай және 63 448 млн текше метр газды құрады;
- Отандық және румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 14,4%-ға төмендеп, 13 081 мың тоннаны құрады.

www.kmg.kz

Компания жаңалықтары

«Сапарларды басқару»: жаңа жобаның тиімділігі зор

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ акт залында «Сапарларды басқару» жобасының таныстырылымы өтті. Аталған жиынға «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қайрат Сақтағанов, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен компанияға қарасты өндірістік бөлімшелердің көлік жүргізушілері және жоба бойынша мердігер мекеме «ZNAIKCASPIAN GROUP» ЖШС өкілдері қатысты.

Жиын барысында алғаш сөз кезегін алған Қанатбек Махмұдұлы Компанияда адам өмірі мен қауіпсіздігі басты құндылық екенін атап өтіп, күнделікті жұмыста бұл қағида әркез назарда ұсталатынын жеткізді.

- Бүгінгі жиынның мақсаты – «Сапарларды басқару» жобасын таныстыру. Бұл жоба «Ембімұнайгаз» компаниясында көлікті қауіпсіз жүргізуге және орталықтандырылған бірыңғай

сандық платформаны құруға мүмкіндік береді.

Жобаны енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асады. Оң нәтижесін көрсеткен жағдайда өзге еншілес мекемелерге таратылады. Сондықтан, ембіліктерге жүктеліп отырған жауапкершілік зор, - деп атап өтті Қ.Қасымғалиев. Сонымен қатар, пандемияның күрделі кезеңінде жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау мақсатында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы тарапынан көрсетілген қолдау үшін Бас компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қайрат Сақтағановқа ЕМГ басшылығының атынан алғысын білдірді.

- Біздің қызметкерлер – «ҚазМұнайГаз» компаниясы тобының ең басты активі болып табылады. «Сапарларды басқару» жобасын енгізу арқылы біздің алға қойған мақсаттарымыз - көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану және жол-көлік оқиғаларына жол бермеу арқылы ЖКО санын қысқартуға қол жеткізу, - деп, Қайрат Таубайұлы пандемияға және онымен байланысты барлық қауіптерге қарамастан, жанқиярлықпен жұмыс істеген, сондай-ақ, осы жылды авариясыз және жол қозғалысы ережелерін бұзбай аяқтаған ембілік жүргізушілерге ризашылығын жеткізді.

«Сапарларды басқару» жобасын ЕМГ көлік департаментінің директоры Мақсат Наукенов және «ZNAIKCASPIAN GROUP» ЖШС техникалық директоры Ербол Құспанов таныстырды. Бұл жобаның тиімділігі сол, Ситипоинт платформасы арқылы көліктің жүрген маршрутын, жолаушылардың қауіпсіздік техникаларын



сақтауын толық бақылайды. Сол арқылы жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, жанар-жағармай шығынын азайтуға септігін тигізеді. Айта кетсек, «Сапарларды басқару» жобасы ҚМГ-ның еншілес кәсіпорындары арасында пилоттық режимде, ең алдымен, «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында жүзеге асуда. Алдын ала зерделеу, жобаның тиімділігін тексеру жұмыстары жүргізілді.

- Біздің мақсатымыз – жүргізушілерді тексеру емес, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осыдан 3 жылдай уақыт бұрын трассалар бойында жол-көлік оқиғалары жиі кездесетін. Кей кезде өзге жүргізушілердің қателіктерінен де орын алып отырды. Міне, осындай жағдайларды толық зерделеу үшін аталған жобаны енгізгілі отырмыз, - деп, Қанатбек Қасымғалиев алдағы мақсатты нық түсіндірді.

Жиын барысында 2020 жылдың қорытындысы бойынша қауіпсіздік техникасын сақтаудағы үлгілі тәртібі және қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық

компаниясының Алғыс хатымен бір топ жүргізушіні Қайрат Сақтағанов марапаттады. Олардың қатарында «Доссормұнайгаз» МГӨБ машинистері Қайрат ҚОРДАШОВ, Есенбек ТАЙБУРИЕВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жүргізушілері Асқар АБДРАХМАНОВ, Бақыт ӘБІШЕВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жүргізушілері Нұрлан ӨТКЕЛБАЕВ, Ардақ РАХ-МЕТОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ жүргізушілері Сәкен СЕЙТУОВ, Асқар ЖҰМАЛИЕВ, ӨТҚЖКК басқармасының жүргізушісі Леонид ТАМБОВЦЕВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасының жүргізуші машинисі Ерболат АТАПКЕЛОВ бар. Сонымен қатар, «Сапарларды басқару» жобасы бойынша жұмыстарды ұйымдастырғаны үшін «Ембімұнайгаз» АҚ көлік департаментінің мониторинг және көлік есебін жүргізу бөлімінің бастығы Қуандық ҚАЛАУОВ та Бас компанияның Алғыс хатымен марапатталады.

МАРАПАТ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ембінің басшысы «Халық алғысы» медалімен марапатталды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесі қарсаңында 30 қараша күні елдің дамуы мен өңірдің гүлденуіне елеулі үлес қосқан азаматтарды Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов марапаттады.

Өз сөзінде аймақ басшысы «Тәуелсіздік» және «Нұрсұлтан Назарбаев» ажырамас ұғымдар екендігін жеткізіп, Елбасының тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу мен даму кезеңіндегі айрықша рөлін атап өтті.

- Елбасы – мемлекеттігімізді қалыптастырған тарихи тұлға. Тәуелсіздік жылдары барлық салада теңдесі жоқ ауқымды жобалар жасалды. Елбасы идеясынан бастау алған іргелі жобалардың барлығы тікелей өзінің бақылауымен, басшылығымен жүзеге асырылды. Қазақстанның дамуы мен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саяси тұлғасына халқымыз ғана емес, әлем қайраткерлері де оң бағасын беріп келеді, - деді М.Досмұхамбетов.

Салтанатты жиын барысында М.Досмұхамбетов ҚР Президенті Жарлығымен Covid-19 пандемиясымен күреске қосқан үлесі үшін «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржанға «Халық алғысы» медалін табыс етті.

Айта кетейік, ЕМГ пандемиямен күресте әлеуметтік көмек ретінде 500 миллион теңгеден



астам қаражат аударды. Бұл қаражат дәрі-дәрмек алу үшін «Birgemiz-Atyrau» Қоғамдық қорына, Атырау облыстық ауруханасына өкпені жасанды желдетуге арналған оттегі концентраторларын алуға, оперблוקтарды, реанимацияларды, провизорлық бөлімшелерді медициналық газбен қамтамасыз ету үшін жұмсалды. Жылыой аудандық ауруханасын, Атырау қаласы Береке мөлтек ауданындағы карантиндік стационарларды тұрмыстық техникамен, гигиеналық қажеттіліктермен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, Исатай, Мақат, Жылыой және Қызылқоға аудандық ауруханаларда блок-бекеттерді, дезинфекциялық жұмыстарды ұйымдастыруға, әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындарға қайырымдылық қолдау көрсетті.

Ембіліктер волонтерлік бастамамен карантиндік оқшаулауға алынған медицина мамандары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қолдау үшін 1 миллионнан астам теңге қаражат жинады. Оған қосымша, «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармаларындағы «Nur Otan» бастауыш партия ұйымдарының бастамасымен мұнайшылар Исатай, Қызылқоға аудандарындағы әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға қамқорлық шараларын жасады.

Курс - экономикалық тиімділікке

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі бойынша ағымдағы жылдың 9 айлық қорытындысын шығарды. Есептік жиналысқа компанияның басшылығы, жауапты департамент, қызмет және ӨҚБ бөлімдерінің жетекшілері қатынасты.

Есептік жиналыс алғаш рет С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетіндегі Н.Ө.Балғымбаев атындағы коммуникацияны дамыту орталығының кең залында өтті. Аталмыш шараның ұйымдастырылу уақыты ҚР мұнай-газ өндірісінің алғашқы министрі Нұрлан Балғымбаев туған күнімен сәйкес келуіне орай, ембіліктер майталман мұнайшыны бір минут үнсіздікпен еске алды.


ЕМГ басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН шараның ашылу рәсіміндегі кіріспе сөзінде еңбекті қорғау және өндірістік қызметтегі қол жеткізген жетістіктері үшін ӨҚБ барша еңбек ұжымына, басшылығына алғысын білдірді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басшылығымен өткен Директорлар кеңесінде ағымдағы жылдағы компанияның қызметіне оң баға берілді. Бас компания басшылығының атынан және жеке өз атынан пандемия кезіндегі қиын жағдайда еңбек еткен барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелердің еңбек ұжымына алғыс

айтамын. Бүгінгі шараның мақсаты – дөңгелек үстел басында жиналып, атқарған жұмыстың қорытындысын шығару, ортақ міндеттеріміз бен мақсатымызға жету үшін ортақ келісімге келе отырып, нәтижелі жұмысты жалғастыру. Барлық ӨҚБ-дің өндірістік және қаржылық есептері алғаш рет жаңа форматта тыңдалып отыр. Жаңа формат олардың тараптарынан компания жұмысының тиімділігін арттыру мен бюджеттік тәртіпті күшейтуге қосқан үлестерін арттырады. Қазіргі жағдай - мұнай бағасының құлдырауы мен мұнай өндіру көлемін шектеу туралы ОПЕК+ келісімінің аясында, шығындардың құрылуына деген жауапкершілікті еселеп арттырады. Бұл талап еңбекті қорғау мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға көтер шығынға ғана қатысты емес. Бұл бағыттарға қаржыны үнемдеуге болмайды, - деп атап өтті өз сөзінде Ембінің басшысы.

Жиналыс барысында ӨҚБ басшылары аталған мерзімдегі еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік көрсеткіштер, күрделі құрылыс пен негізгі жабдықтарды күрделі жөндеу динамикасы бойынша есептерін берді.

ӨҚБ ұсынған 2020 жылғы 9 айдың есептеріне сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша жақсы көрсеткіштерге өл жеткізілген. Бақытымызға орай, зардап шеккендер болған жоқ. «Жылыоймұнайгаз»



МГӨБ-да 1 жол-көлік оқиғасы және 1 өндірістік жарақаттану жағдайы тіркелді. Жылдамдық режимін бұзу саны айтарлықтай төмендеді. Атап айтсақ, 2019 жылы 119-дан 2020 жылғы есепті кезеңде 22-ге дейін азайды – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-да – 10, «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да – 5 және «Ембімұнайгаз» басқармасында – 2.

«Жайықмұнайгаз» және «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ-да мұнай өндіру және тапсыру бойынша жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізілмеді. «Жайықмұнайгаз» бұл іс-сипатта газды залалсыздандыру проблемаларына байланысты болып отыр.

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек ҚАСЫМҒАЛИЕВ өзінің қорытынды сөзінде атап өткендей, арнайы құрылған жұмыс тобы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ және Прорва кен алаңдары тобындағы газ факторы бойынша проблемалық мәселелермен айналысады. олардың міндеттеріне проблемалық кен орындарының әлеуетін зерттеу және олардың тиімділігін есептеу кіреді. «Жылыоймұнайгаз» мұнай өндіру жоспарына қол жеткізбеудің басты себебі «Теңізшевройл» ЖШС-мен ұзаққа созылған келіссөздер салдарынан Қарасор кен орнын игеруге кеш кірісуі болды.

- Жұмыс көлемін жоспарлау кезінде компания ықпал ете алатын және біздің ықпалымыздан тыс аймақтарды нақты бөліп алу керек. Осылайша, біз компанияның қызметін өз өкілеттіктеріміз шеңберінде тиімді басқарамыз және сыртқы факторларға тәуелді болмаймыз, - деп атап өтті Е. Қайыржан.

Қ.Қасымғалиев атап өткендей, компанияда пандемияға қатысты емес лифтинг-шығындардың (lifting costs –

кеніштерде күрделі салымдар, салықтар, тасымалдау және басқа да шығыстарды қоспағанда мұнай алуға кететін шығындар) жоғары деңгейі байқалады. Сондай-ақ, тауарлы-материалдық құндылықтар қалдықтарының төмендеу тенденциясы байқалады. Бұл да компания экономикасын нашарлатады.

Шығындарды азайту, әсіресе, өндірістік қызметпен байланысты емес бағыттар тұрғысынан 2021-2022 жылдарға арналған жоспарланған іс-шараларды қайта қарау қажеттілігін Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА алға тартты.

Есеп беру жиынының қорытындысы бойынша Басқарма төрағасы өндірістік жоспарлар мен бюджеттерді жасақтауға қатысатын барлық басшылар мен қызметкерлерді кен орындарының әлеуетін объективті түрде ескеруге, қолда бар ресурстарды ашық түрде көрсетуге және қаржылық шығындарға жауапкершілікпен қарауға шақырды. Атап айтқанда, компанияның штаттық қызметкерлері жасай алатын жұмыстар мен қызметтерді орындауға өзге компаниялармен келісім-шартқа отыру негіздерін қайта қарау қажеттігін айтты.

Үзіліс кезінде есептік жиналысқа қатысушылар үшін Орталық коммуникация ғимаратындағы интерактивті мұражайға, оқу аудиторияларына экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия барысында Атырау мұнай-газ университетінің ректоры Гүлзада ШАКУЛИКОВА оқу ордасына көрсеткен қолдауы үшін Е.Қайыржанға «Алтын әріптес» естелік сувенирін тарту етті. Шараның екінші жартысында ембіліктер жобаларды басқарудағы жаңа әдістер бойынша тренингке қатысты.





Жұмысшының қауіпсіз ортада еңбек етуі – өзекті мәселе

«Ембімұнайэнерго» басқармасы Ембі өндірісінің кен алаңдарындағы үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету мақсатында өндірістік-әлеуметтік нысандарды электр қуатымен тұрақты қамтып, барлық жоғарғы кернеулі техникалық қызмет түрлерін көрсетіп келеді. Жаңа технология мен тың ізденістерді пайдалана отырып, энергия қуатын үнемдеу, баламалы энергия көздерін пайдалану, мұнай кен орындарының жұмысын тоқтатпау – басқарма басшылығының негізгі ұстанымы. Бұл орайда, қол жеткізген табыстарымыз да, түйінді мәселелеріміз де бар. Қандай проблемалар дейтін болсақ. Әсіресе, табиғаттың тосын өзгерістері бізге үлкен қиыншылық туғызады. Ауа райының қолайсыздығына байланысты мұнай кәсіпшіліктеріндегі электр жүйесінің тоқтап қалуынан өндіріс тынысы да уақытша тоқтап қалады. Осындай орын алған проблемалардың алдын алу мақсатында «Ембімұнайэнерго» басқармасы 20 520 дана сан түрлі электрқондырғыларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізіп келеді.

Электр жүйесіндегі кедергілерге ұрындыратын тағы бір себеп – электр желілерінің ескілігі. Алды 30 жыл болған әуе желілері күрделі жөндеуді қажет етеді. Осы желілерді күрделі жөндеуден өткізу үшін жыл сайын қажетті материалдармен қаражаттар бөлініп, толықтай игеріліп келе жатыр. 2009 – 2020 жылдар аралығында – 35-10-6 киловольт әуе желілерінің, 901,53 шақырымдық желіге күрделі жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп, бөлінген қаражат толық игеріліп отыр. Жыл сайын мұнай өндіру көрсеткішіне орай компанияға қарасты барлық кәсіпорындар алдында бір-ақ міндет тұр. Ол - жұмыс ырғағының бөсеңсімеуі. «Ембімұнайэнерго» басқармасы да осы мақсат жолында еңбек етуде. Көшегі күндерде біздің басқарма жауапкершілігі шектеулі серіктестік болды, бүгінде басқармамыз акционерлік қоғамның құрамына кіріп, жұмыс көлемі ұлғайды. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы әжептәуір жақсара түсті. Арнайы техникалармен қамтамасыздандырылып, 20 техника алынды. Жұмыс бағыты толықтай автоматтық жүйеге көшірілді. Жиілікті өзгерту қондырғысы кен орындарының барлығына дерлік қондырыла бастады. Қолмен атқарылатын жұмыстардың барлығы осы қондырғы арқылы жүргізіліп, жұмыс ауқымы айтарлықтай жеңілдетілді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да өндірілген мұнайдың өзіндік құнының электрқуатына кеткен шығынды азайту мақсатында жарықдиодты шамдар, электр қозғалтқыштарды баяу іске қосатын жиілік түрлендірушілерді өндірістік нысандарға орнату жұмыстары жүріп жатыр.

Ерекше айта кеткім келетіні, энергия

қуатын үнемдеу – басты мақсаттардың бірі. 2014 жылға дейін бұрынғы қылды жарықшамдар істен шығып, ішінде сынап буы бар жарықшамдар пайдалану жоспарланған. Бірақ, бұл адам денсаулығына зияны бар деген уәжбен тоқтатылды. Сөйтіп, оның орнына жарықдиодты шамдар пайдалану жөнінде кеңестер берілді. Бұл шырақтың ішінде сынап буы жоқ, экологиялық таза, әрі сапалы деген тұжырымды сертификаты бар. Осы жарықшамдарды біртіндеп өндіріске енгізіп, мұнай кеніштеріне қондыруға жұмыстанудамыз. Бұл үлкен үнемділікті көрсетіп отыр.

Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша «Ембімұнайэнерго» басқармасының алға қойған мақсаттары мен міндеттері - бұл қызметкерлерді еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқыту, насихаттау және нұсқама өткізу, өндірістік жабдықтарды қауіпсіз пайдалануды, өндірістік процестердің қауіпсіздігін, жұмысшыларды арнайы киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, жұмысшыларды мамандығы бойынша кәсіпті даярлау, ескірген техника мен жабдықтардың жаңамен алмастырылуы, жұмыс орындарында санитарлық-тұрмыстық жағдайлардың қамтамасыз етілуі, жұмысшылардың демалысы мен еңбек режимінің оңтайлылығын қамтамасыз етуді бақылау болып табылады.

Техника қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Ембімұнайэнерго» басқармасының өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде 8 сынып бөлмесі ұйымдастырылды. Мұнда аптасына бір рет тұрақты сабақ өткізіледі. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бойынша 16 инженер техникалық қызметкер жұмыс атқаруда. Мамандар Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына барып оқып, білімдерін жетілдіріп келуде.

Басқарма тарапында қызмет бабында адам өміріне қауіп тудыратын жағдайлар кездескен жоқ. Бұл – біздің ең үлкен табысымыз. Біз үшін бастысы - адамның өмірін сақтау, жұмысшының аман-есен отбасына оралуы. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты басқармалар арасында жыл сайын желтоқсан айында «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік мәдениет және эстетика» бойынша дәстүрлі байқау ұйымдастырылады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша алты өндірістік құрылымдық бөлімшелер арасында қауіпсіз күндердің саны бойынша 1209 күнді апатты оқиғасыз өткізген «Ембімұнайэнерго» басқармасы үздік деп танылды. Дипломмен және ауыспалы кубогымен және 1 миллион теңгемен мара-



патталды. Қазіргі таңда қауіпсіз күндердің саны бойынша 1889 күнді апатты оқиғасыз өткізіп отырмыз.

Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында, 2018 жылы өндірістік қызмет көрсету базасына екі секциялы, «Құлсары» аудандық электр торабына бір секциялы медициналық пункт алынып, «Қайнар» аудандық электр торабының жатақханасына суға түсу кабиналары алынып, іске қосылды.

Бүгінгі таңдағы пандемия кезіндегі қиындықтарға қарамастан жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде атқарылып келеді. Атырау облысының бас санитарлық дәрігерінің нұсқамасы бойынша ауысымдық әдіспен еңбек ететін жұмысшылардың

ПТР тест тапсырып, тепловизорлық дене қызуын тексеру, маска төртін қатаң сақтау, кеңсеңің кіреберісіне залалсыздандыру тунеллін қондыру, адам тасымалдайтын автокөліктерді дезинфекция залалсыздандыру жұмыстары т.б. сақтандыру шаралары тұрақты орындалуда.

Жалпы, әлем елдерін алаңдатқан коронавирус пандемиясы кезінде Ембі өндірісінің жұмысы бір күн де тоқтаған жоқ. Бұл жұмысшылардың денсаулығына баса мән берген бір орталықтан дұрыс жүргізілген саясаттың жемісі деп бағалау керек.

Жәнібекбай ТӨЛЕГЕНОВ,
«Ембімұнайэнерго»
басқармасының бастығы.

86-НЫҢ ЖЕЛТОҚСАНЫ...

Быыл бұл оқиғаға 34 жыл толады... Еліміздің тарихынан ойып алар орны бар бұл оқиға көзі ашық, көкірегі ояу кемел ұрпақтан өлі талай өзінің бағасын ала жатар.

Иә, бұдан 34 жыл бұрын желтоқсанның қазаған қарлы аязында болған бұл оқиғаның бастаушысы да қазақтың өрімдей жастары болатын. Бәтәндәй ойы жоқ, Алматыға білім іздеп еліміздің әр қиырынан келген сол топтың ортасынан мен де табылдым. Десек те, санамыздағы сол күндердің оқиғаларын қайтадан еске алу қаншалықты ауыр болса да айтпай кетпеске болмайды.

«Жастар тоталитарлық режимге өз наразылықтарын білдіріп жатыр, қала көшелеріне шығыпты»- деген хабарды естігелі оқу орындарының басшыларынан маза кеткен. Оқу уақытша тоқтатылып, жатақханаларға күшейтілген күзет қойылған, оқытушылар кезекшілікте. Жатақханаға ешкімді кіргізіп - шығармайды. Мен сол кезде 20 жастағы қызбын. Алматы сәулет-құрылыс институтының 4-ші курсына оқып жатқан кезім. Иә, алғашқыда ештеңенің байыбына бара қойған жоқпыз. «Жастар дүрлікті, арты не болады» деген ойлар басымызға кіріп-шыққан жоқ. Не де болса алаңдағы жастармен бірге болайық деген мақсатпен сағат 9.30-дар шамасында ебін тауып көшеге сытылып шығып, құрбы қыздармен бірге орталық алаңға бағыт алдым. Бұл жастар алаңға жиналғаннан кейінгі екінші күн болатын. Алдымыздан самайын ақ шалған егде қазақ әйелі шығып: «Онда бармаңдар, шырақтарым, бармаңдар» деп жалынды. Біз тоқтамадық. Алаңға жақындай бергенде жастардың қалың нөпірін көрдік, бұл кез Брежнев атындағы орталық алаңдағы қазақ жастарының бейбіт шеруінің қанды оқиғаға айнала бастаған сәті болатын. Сол сәттің өзінде-ақ жаппай жазалау басталып кеткен болатын. Қолдарына дойыр ұстаған милиционерлер қуып жүріп көзіне іліккеннің, қолына түскен адамның бәрін ештеңеге қарамастан ұрып-соғып машинаға тиіп алып кетіп жатты... Мінекей, сондай бір топтан жанұшыра қашып келеміз. Адамның адамгершілігі осындай бір аласапыран кезеңде де көрінеді екен. Орыстың кішкене шағын жер үйлерінің арасымен жүгіріп келе жатқанымызда, үйінің алдында тұрған бір орыс әйелі: «келіндер мен сендерді жасырайын»- деп жанашырлық білдіріп жатты. Мен әлгілерге ұстатпай кетуім мүмкін бе еді бәлкім, егер көнеттен құрбым Шәмшиева Алманың «Апа!» деген жанұшырған дауысын естімегенде. Белгісіз бір күш мені кейін қайтарды. Сөйтіп оның жайын білмек бол кейін қайтқанымда милиционерлер ұстап ап, қолдарындағы таяқтарымен аяусыз ұрып-соға бастады. Кейбірінің бет-ауызы жараланған, үсті-басы қан-қан. Таяқ менің аяғым да тиіп ақсаңдап қалдым. Терезесі торланған машиналарға топырлатып тиіп алып, ұмытпасам, Октябрь аудандық ішкі істер бөліміне алып келді. Мұндағы көрініс тіптен ауыр... Тура тозақтың тар қақпасына тап болғандайсың. Машинадан түсіп бөлім есігіне кіргенше әр метр сайын тұрған милиционерлер өткендердің бәрін әрі-бәрі ұрып-соғып есімізді шығарды. Менің мойнымда апам тоқып берген әдемі шарф болатын, сонымен өзімді шарф жырылғанша қылғындырды. Ұстап әкелгендердің ішінде орта жастағы бір ағай болды. Сол кісі өзінің басына түскен жағдайға қарамастан барлығымызды жұбатудың болды. Бұдан соң қылмыскер адамдарша жан-жағымыздан суретке түсіріп абақтыға «Теперь для вас новая жизнь начнется...»-деп қамады. Үлкен темір қақпаны салдырлатып кілттеп жатқанда не болғанымызды білмедім... Көзім қарауытып кетті.

Әр камераға 10-15 адамнан отырғызды. Бір-бірлеп апарып жауап алады. Жауап алған кезде «біз көшеге канцелярия дүкеніне ватман форматын алу үшін бармақ болып кездейсоқ шыққанымызды» дәлелдегіміз келген. Бірақ, онымыздан ештеңе шықпады. Өйткені, сол күні

Желтоқсан оқиғасы...

86, айтылмаған сырым еді...

Алаңдағы жастардан көз сүрінеді.

Өрімдей топ-топ болған қыз-жігіттер,

Жүздерінен қатулық білінеді...

ұсталған жастардың барлығы да «Үкіметке қарсы, жау» атанды. Олардың айтқанына құлақ асып ақ-қарасын айырайын деген ниет болмаған сияқты. Сонымен бізді, Алма екеумізді, бір күн бойы тергеп-тексеріп, келесі күні қоя берді. Бұл бір күн біз үшін мың жылға татып еді... Артынан ҰҚК қызметкерлері институтта қаншама тексерді... Одан кейін қолға түскен студент жастардың барлығын әуелі комсомол қатарынан, содан кейін институттан шығару басталды ғой. Мені институттан шығармауды сұрап бірге оқитын 31 студент институт ректоры атына хат жазды. Арасында неміс, орыс студенттері де бар болатын. Бірақ сол тұстағы саясат ештеңеге де қаратпайтын еді ғой. Әуелі комсомолдан, содан соң оқудан 1986 жылы 24 желтоқсанда «қоғамға қарсы іс-әрекет жасады, Кеңес студенті деген атқа лайық емес» деген айып тағылып, оқудан шығарылып ауылға кеттім. Оқудан шығарылу, соның ішінде, әні-міне бітірем деп жүрген оқудың 4-ші курсынан (бүкіл зачеттарымызды тапсырып қойғам, емтиханға жібермеді) шығарылудың не екенін түсінесіз бе?! Мен үшін және менің туысқандарым үшін өте ауыр кезең еді.

Әлі есімде, 31-желтоқсан күні анаммен телефон арқылы сөйлестім. Дәлірек айтсам, ештеңе ашып айта алмай әлемдегі ең жақын адамым – анама шағынып, өксіп жылай бердім. Есіме түссе, әлі күнге көзіме жас келеді... Өйткені, барлық жерде телефондар тыңдалатын. Тек: «Апа, мен біттім» - дегенімде, марқұм жан анам : «Жеті мүшең аман болса болар, уайымдама!» - деп жұбатқан-ды...

Қазір ғой желтоқсан-шыларды азды көпті елп-ескеріп жатқаны. 2006

жылдың 16-шы желтоқсанында осы тақырыпқа байланысты Атырау телеарнасы тікелей эфирде арнайы «Ақиқат алаңы» атты хабар ұйымдастырып, сонымен 2011 жылы 12 желтоқсанда сол кездегі облыс әкімі Бергей Рысқалиев кездесу ұйымдастырып соған бір топ Атырау желтоқсаншыларымен бірге қатысып қайттым. Алматыға барғанымда сол Алаңдағы Тәуелсіздік монументіне барып тәжім етіп тұрып, құрбым Жанат екеуміз сол кездерді көзімізге жас ала отырып еске алдық...

Желтоқсанға қатысқан деген айыптаумен жұмысқа тұру да өте қиын болатын. Ауылға келгесін үлкен ағам Қабдештің көмегімен №7 жол құрылыс басқармасына жұмысқа тұрдым. Бір жыл өтті, өзімді барлық жағынан жақсы қызметкер ретінде көрсетуге тырысып бақтым. Қайтадан комсомол қатарына өттім. Ақыры сол кездегі архитектура-құрылыс институтының ректоры А.П. Атрушкевичтің атына мекеме-әкімшілігінің аудандық комсомол ұйымынан жазылған қатынас қағазбен жақсы мінездеме арқылы оқуымды қайта жалғастыруыма мүмкіндік алдым. Қазір туған қаламда «Ембімұнайгаз» АҚ жобалау сметалау жұмыстары бөлімінде аға инженер болып мамандығым бойынша қызмет етудемін. Екі баланың анасымын, әжемін. Бүгінде 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының куәгері ретінде мектептердегі кездесулерге жиі барып тұрамын. Баспасөз беттерінде де оқта-текте көрініп тұрамын. Ондағы мақсатым – еліміз тарихындағы сол бір ауыр кезеңнен мағұлпат беру. Жастардың қоғамда болып жатқан оқиғаларға, жалпы тарихқа қызығушылығын арттыру.

«Кім бүгінгісін таныса-өткеніне де ие, өткенін білген-келешегіне де қожа», деген халық даналығы бар емес пе. Осы орайда айта кетерім: бүгінгі бәз-біреулер ойлайтындай желтоқсан оқиғасы бекерден-бекер болған жоқ. Ол кезең қазақ жастарының санасын қатайтты, арман болған алысты жақындатып, тәуелсіздікке негіз салды. Кейіннен «Желтоқсандағы қазақ жастарының бұл жиыны ұлтшылдық бой көрсету емес еді. Ол басқа халықтарға, оның ішінде орыс халқына қарсы бағытталмаған-ды. Алматыдағы желтоқсан толқуы – шын мәнісінде, елімізде алғаш рет екі күштің: жаңа басталып, буыны қатпаған демократияның және ол кезде әлі күшінде тұрған әкімшіл-өміршіл жүйенің қақтығысы еді. Күллі әлемді дүр сілкінткен бұл оқиға қазақ топырағына ұлттық санасын намысы жетелеген жаңа қайсар буынның келгенін әйгіледі»-деп Мұхтар Шаханов ағамыз дұрыс бағасын бере білді. Ендеше, мен де өзімнің сын сағатта қазақтың от жүректі қайратты жастарының қатарынан табылғанымды мақтан етемін.

Нәтижесінде, 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік таңы туды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Қазақстан тарихында бұл күн ешқашан ұмытылмайтын, қақтығыс бағасымен халқымыздың есінде мәңгілік қалары анық.

Гүлшара МАЙЛЫБАЕВА,
«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы
жобалау сметалау жұмыстары бөлімі аға инженері.

Бейбітшілікке шақырған «Менің Қазақстаным»



«Қайнармұнайгаз» МГӨБ механика-энергетика бөлімінің I санатты механигі Гапужан МҰХАМБЕТЖАНОВ – 1986 жылдың 16-17 желтоқсанында қазақ студенттермен бірге алаңға шыққан жастардың бірі.

24 жастағы жігітті халықтың тағдыры алаңдатып. Желтоқсан оқиғасының қасіретті де қаһарлы күндері Гапужан Мұхамбетжановтың жадында өлі жаңғырып тұр.

«Алматыдағы В.И.Ленин атындағы политехникалық институтында «Инженер-механик» мамандығы бойынша – 3 курста оқимыз. Жасым 24-те. Үш жігіт болып бір пәтерді жалдап тұрдық. Қасымдағы Азамат, Адемхан есімді екі жігіт - 5-курстың студенттері. 15-желтоқсан күні кешкілік «Время» телехабарынан Қазақ Компартиясы Орталық Комитеттің бірінші хатшысы қызметіне өзге ұлт өкілінің тағайындалуы туралы хабар таратылды. Естіп, көрген жаңалықты сол жерде талқылап, кейінгі күні өзге студенттермен алаңға шықтық. Бар мақсатымыз – «Қазақты қазақ басқаруы керек» деген ұранмен бейбітшілік шеруіне шығу болатын. Сол күні кешке қарай бір сәтте арада қоздырушылар (провокакторлар) шығып, жағдайдың шиеленісіп кетуіне ықпал ете бастады. Сол сәтте жастар «Менің Қазақстаным» әнін орындап, жағалай қар үстіне отыра бастады. Шиеленіс сап тыылды. Әнді орындау арқылы, кеудемізді патриоттық рух кернеді.

Сол күні алаңда кешке дейін болып, ертеңіне жиналатын болып тарқастық. 17 желтоқсан күні таң ертесімен алаңға қайта келдік. Жиналғандар көп екен. Дәл осы күн оқиғаның қызған шағы болды. Алаңнан әскерилерді байқадық. Сол күні қазақ жастарына қарсы күшпен тоқтату процесі басталды. Бауырларымызға, қаракөз қыздарымызға қарсы күш қолданылып жатқанын, жөндөттердің қолына түскендерді көлікке тиіп, әкетіп жатқандарын көріп, кеудемізді ыза кернеді. Дегенмен, алаңнан кете қоймай, елмен бірге болдық.


Жағдай 18-і күні тынышталды. Одан кейін көптеген жас оқудан шығарылды. Дегенмен, жастарды сол кезде алаңға намыс алып шықты. Алаңда өзіміз көргендей қазақтың баласынан басқа өзге ұлттың өкілдері болмады. Тәуелсіздікке алғаш қадам сол күндері жасалды. Арада 35 жылға уақыт өтсе де, сол күндердің ызғары әлі сезіледі, қазақ жастарының дауысы әлі есімде жаңғырып тұр, - дейді Желтоқсан оқиғасына қатысушы.

Гапужан Нұрлаұлы еңбек жолын сонау 1979 жылы Қошқар кен алаңында мұнай және газ өндіру операторы болып бастады. Жолдамамен Алматыдағы оқуды аяқтаған соң, Б.Жоламанов (ол кезде Орысқазған – ред.) кен алаңына 5-дәрежелі слесарь жөндеуші болып, жұмысқа қайта кірісті. Кейінгі жылдары «Мақатнефть» басқармасында аға механик, Мақат аудандық атқару комитетінде жалпы бөлімнің аға референты, аудан әкімдігінің жалпы бөлім басшысы, Мақат поселкелік кеңес төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

1996 жылы жаңадан ашылған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның қамту және комплектациялау бөлімінің басшысы, автоматтандыру және байланыс жөніндегі инженер болып еңбек етті. Ал, 2005 жылдан бері механика бөлімінде жетекші инженер қызметінде.

- Өткенге шолу жасап, ойласам, Орысқазған, Солтүстік Жолдыбай, Мәтен, Солтүстік Қотырғас, Шығыс Молдабек, Уаз кен алаңдарының ашылуына қатыстым. Менің кәсіби қызметім үшін бұл маңызды жұмыстарға атсалысуым – өмірімде үлкен тәжірибе болды.

Бұрын барлық жұмыс қолмен атқарылды. Жылдық есеп тапсыру үшін механикалық машинканы қолтығымызға сүйеп, хатшымен бірге «Урал» автобусына мініп, бірнеше сағаттап жол жүріп, Атырауға баратынбыз. Электронды пошта, факс сынды байланыс құралдары болмай, іс-қағаздары арнайы «ЗИЛ» көліктерімен жетуші еді. Өндірісті суды құдықтан тасыған кездеріміз де есімде. Жол сапасы өте нашар, талай рет далада көлігіміз балшыққа батып қалған сәттер де болды. Ал қазір барлық жүйе автоматтандырылды. Жаңарту жоспарына сай компанияда жаңа технологиялар өндіріске енгізілуде. Жайлы жатақхана, үш мезгіл уақытылы тамағымыз дайын. Өндірісаралық жолдар жақсаруда. Өткен күндер – тарих сахнасында, жадымызда қалды. Осының барлығы – тәуелсіздіктің жемісі. Тәуелсіздік бастауы болған Желтоқсан оқиғасы арқылы да қазақ халқының ерлігі мен бірлігін әлем таныды. Тәуелсіздіктің қадірін білуіміз керек, - дейді әріптесіміз.



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРСАҚ: КЕШЕ МЕН БҮГІН



Қарсақтық мұнай-газ өндіру операторлары

**Серік Әбдиев,
«Доссормұнайгаз» МГӨ
басқармасының басшысы:
«Фибратты сөзден тәлім»**

Қарсақ — Каспий теңізінің солтүстік жағалауынан 18 шақырымдық жерде орналасқан мұнай кен орны. Қарсақ мұнай кен орны, 1948 жылы терең бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде ашылып, 1960 жылы пайдаланыла бастады. Қарсақтық мұнайшылар 60 жылғы тарихта небір қиындықтармен күресе жүріп, кедергіге толы күндерді артқа тастады. Күні бүгінге дейін Қарсақ кен алаңының игеріліп, ел экономикасына өзіндік үлестерін қосып келе жатса, ол - алдымен, Қарсақ кенішінің іргесін қалаған ардагерлеріміздің еңбегі.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекесі кезінде облысымызда салтанатты жиын өтті. Онда бір топ ембілік мұнайшылар мемлекеттік марапатқа ие болды. Олардың қатарында қарсақтық мұнайшылардың да (қазір олар — зейнеткерлер) болғанын зор мақтанышпен айтамыз. Осы кен орнының мұнай-газ өндіру операторы Жақсыгерей ҚҰБАШЕВ Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолынан 3-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, қойнауқат қысымын сақтау цехының шебері Қарлыға АЛТЫНАЛИЕВА 3-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталып, ұжымның беделін асыра түсірді.

Жасампаз еңбек ешқашан да ұмытылмақ емес. Еңбек деген ұлы сөздің құдіретін өздерінің табысты еңбектерімен, өнегелі өмір жолдарымен дәлелдей білген ардагерлердің сонау артта қалған қиындық пен қарбаласқа толы естеліктері - біз үшін үлкен мектеп. Өмір мектебі. Қарсақтық ардагерлердің Ембі өңірінің қалыптасып, дамуына қосқан үлестерін біз әрдайым мақтанышпен айтамыз. Фибратты сөзден бүгінгі жас мамандар тәлім алады. Ардагер мұнайшылар салған сара жол жалғасып, біздің мұнай-газ өнеркәсібіміздің тарихы ұрпақтан ұрпаққа жетеріне сенімдіміз.

«Кешегі тарихсыз бүгін жоқ» дегендей, ардагерлеріміздің кешегі өндіріс қиындықтарынан өрбіген құнды естеліктерін тыңдай отырып, 60 жылдық тарихтың парақшаларын сараптаймыз.

Естелікке бойлаған мұнайшылар, кеніштің игерілуіне өлшеусіз үлес қосқан ардагерлер сол кездегі еңбек күндерін тағы бір мәрте ой елегінен өткізеді.

**Қарлыға АЛТЫНАЛИЕВА,
ардагер, 3-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері:
«38 жыл еңбек өтілімнің
33 жылы Қарсақта өтті»**

Мұнайшы болып қалыптасуымда Қарсақ кен алаңының алар орны ерекше. Қарсақ кен алаңында

1977 жылдың сәуір айында зерттеуші болып еңбек жолымды бастадым. 3 жыл осы кеніште еңбек етіп, өндірістегі ұстаздарымның кеңесімен жоғары білім алу мақсатында Алматыға жол тарттым. Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша тәмамдап, «екінші туған үйімдей» болып кеткен Қарсақ кенішіне қайта оралдым. Өндіріс алаңдарындағы ұңғымаларды пайдалану және оларды өңдеу — негізгі мақсатымыз. Әрине, қандай жұмыс болмасын өзіне тән қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Десек те, мұнайшылық кәсіптің ауыртпалығы мол еді. Сол кездердің қиындықтарын айтып тауыса алармыз ба? Ең бастысы, қарапайым еңбек адамына деген көзқарас қазіргідей деңгейде болмағанын

деген атымен жоқ. Тізедең балшық кешіп еңбек еттік. Қандай қиындықтар болса да, уақытпен санаспадық. Таңғы 7-ден қас қарайғанша өндіріс алаңында болдық. Апат бола қалған кездерде оның салдарын жойғанша жұмыс орнымызды тастамайтынбыз. Қазіргідей емес, мұнайшылық мамандыққа деген сұраныс төмен болды. Жалақымыз айлап кідіретін. Айлық табысымыз да өзге мамандықтарға қарағанда анағұрлым төмен еді. Алайда, ол кезде ақшаның құны болды. Мәселен, 1 сомға 4 бөлке нан алатынбыз (1 бөлке нанның құны 25 тиын болған). Аз жалақымен жұрттан қалмай өмір сүрдік. Жалақысы аз әрі ауыр еңбек болса, оның үстіне мұнайшылық кәсіпшілікке деген сұраныс төмен болса, неге

Доссор кентінде машина зауыты болды. Мұнда көліктерге күрделі жөндеу жүргізілетін. Дәлірек айтсам, бұзылған көліктерді шашып тастап, қайта құрастыратын. Мен өндірістен бұзылған көліктерді осы зауытқа таситынмын. Мұнай-газ өндіру басқармасын Қуаныш Құдабаев басқарды, бас инженер болып Балдуев Виктор Павлович еңбек етті. Ерекше басшылар еді, айтайын дегенім, жұмыс десе «ішкен асын жерге қоятын» нағыз мұнайшылар болатын. Мұндай адамдармен еңбек етудің өзі бір ғанибет еді. Жұмыстың нәтижесін көргенше өндіріс алаңынан кетпей, қарапайым жұмысшылармен бірге бола білді. Өндірісті кабинеттен емес, еңбек адамымен бірге жүріп басқарды.

**Адай САРФАЛИЕВ,
Қарсақ кен алаңының
мұнай дайындау және
айдау цехының бастығы:
«Әкемнің жолын жалғадым»**

Қарсақ кен алаңына жұмысқа келгенімде 17 жаста едім. 1977 жылы осы кенішке мұнай-газ өндіруші оператор болып еңбекке араластым. Бір жылдан кейін әскери борышымды өтеуге аттанып, әскерден соң Қарсақ кенішіне қайта оралдым. Тек осы жолы жұмысым электромонтер болып жалғасты. Кейін Алматы қаласындағы политехникалық институтта білім алып, жоғары білімді инженер ретінде Қарсаққа оралдым.

Қиындықтарға келсек, басты қиындық жолдың жоқтығы. Жауынды-шашынды ауа райында балшықтан аяқ киімімізді алып жүру мұң болатын. Мұнайшылар күн ұзағына ашық аспан астында жаурап жүретінбіз, қазіргідей операторлар вагондарының орнында темір будкалар тұратын. Ортасына «буржуйка» пешін қойып, барлығымыз пештің айналасына топтасып, жылынатынбыз. Қазіргідей жатақхана, асхана деген атымен жоқ. Саманнан салынған асүйіміз болды, аспазшы жоқ, бәріміз кезекке тұрып түскі асты дайындаймыз. Иә, алатын айлығымыз да төмен болды. Бізге қарағанда аудандағы іргелі саланың бірі - теміржолшылардың табысы жақсы болатын. Бірақ, мұнайшының баласы үшін бұл мамандықтан мәртебелі кәсіп жоқ. Менің әкем Бисенбай 40 жыл осы салада еңбек етті. 1945 жылы 15 жастағы әкем еңбек жолын осы кеніштен бастаған. Мен мектеп бітірген соң, әкемнің жолымен еңбекке араластым. Қарсақ кен алаңында ұзақ жылдар еңбек етіп келемін, Өндірістің кешегі қиындығы көз алдымда өтті.

Міне, 60 жыл терең тарих үшін аз ғана уақыт болғанымен, осы уақыт аралығында Қарсақ кен орнында талай мұнайшы ұрпақтары алмасты. Үлкен кен орнының тарихы өрбіді, білікті мамандар дайындалып, мұндағы мұнайшылардың ерен еңбегінің арқасында ел экономикасының артуына сүбелі үлес қосылды. Майтапман мұнайшылардың абыройлы еңбегі кейінгі буынға үлгі болып қала бермек.



Еңбектің өленгені көпке үлгі

несіне жасырайық?!

Бізден, алдымен, «жоспар, мұнай өндіру көрсеткіші» сұралды. Мұнайшының жағдайы қалай, әлеуметтік халі нәшік деген мәселелер ең соңынан сұралатын (егер сұралса...). Еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны сақтау жөйттарына да жеткілікті көңіл бөлінбеді. Жұмыстар толығымен қолмен атқарылды, қазіргідей автоматты жүйе деген түсімізге де кірмеген. Өндірісішілік жол

мұнайшы болдыңыздар? деген сауалдың туындауы орынды.

Біз — мұнайлы өңірдің түлектеріміз, балалық шағымыз ұңғымалардың арасында өтті. Ата-анамыз мұнайшылықтан нәпақасын тапты. Олар — Ембінің байырғы мұнайшылары. Сол себепті, біз үшін ең мәртебелі мамандық мұнайшылық болды. Бұл жолда қиналды, жабырқадық, жаурадық. Бірақ, мұнайшы болғанымызды мақтан тұтамыз.

**Бағытжан МЫРЗАФАЛИЕВ,
ардагер — мұнайшы:
«Жақсы адамдармен
бірге еңбек еттім»**

Қарсақ кен алаңы жаңадан игерілуге берілгенде мен осы кеніштің көлік жүргізушісі болдым. Көлікпен мұнай мен су тасыдым. Ол кезде құбыр деген жоқ. Өнімді көлікпен тасыдық. Қарсақтың майын Байшонас арқылы Солтүстік учаскеге жеткізетінбіз. Жол жоқ қара жолмен, сорлардың арасымен күніне 3 рет рейс жасаймын, әр сапарымда 4 тоннадан мұнай тасымалданады. Сонымен қатар, Ескенеден Қарсаққа ауыз су тасыдым. Ол кезде Атырау (Гурьев) қаласынан Ескене стансасының аралығында су құбыры болатын. Ескенеден суды көлікпен тасыдық.



Қарсақ мұнайды дайындау және айдау бригадасының ұжымы (мұрағат)

«Біз тәртіпке бағындық»...



Украинада Чернобыль атом электр стансасында орын алған жарылысқа 35 жылға жуық уақыт өтті. Мәліметтерге сүйенсек, өткен ғасырдың техногендік апаты саналатын оқиға салдарынан радиоактивті түтін аймақтан асып, 10-нан аса мемлекеттің 145 мың шаршы шақырым жерін ластаған, кем дегенде 5 миллион халық зардап шеккен. Чернобыль АЭС-тегі апатты жоюға бүкіл Кеңес одағынан 650 мыңнан астам адам тартылды. Олардың арасында 35 мыңға жуық астам Қазақстан азаматтары да болды. Жарылыс салдарын залалсыздандыру жұмыстарына жіберілгендер қатарында арамызда жүрген ембілік мұнайшылар да бар. Бүгінде сол ауыр кезеңдерді **Бауыржан БИСАЛИЕВ** күрсіне еске алады. 1986 жылы 15-мамырда

әскер қатарына шақырылып, Одесса облысындағы Чернигов қаласындағы теміржол әскері құрамына Гурьевтен 30 жігіт аттанады. Соның ішінде, Бауыржан мұқырлық Ержан Кетебаевпен бірге 92422 полкына, автомобиль ротасына түседі.

- Бір күні рота командирі келіп, «сіздерді іс-сапарға жібереміз» деп нық айтты. Әскери борышымды өтеп жүрген кезім. Келісімімізді ешкім сұраған жоқ. Бұйрық талқыланды, сондықтан біз тәртіпке бағындық. Ата-анамызға да ештеңе айтпастан, қауіпті аймаққа аттандық. Жаспыз, зардабы туралы ешнәрсе білмедік. Тек кейін сезіндік. Қою қалың шашым түсті, - дейді Бауыржан Әменғалиұлы бізбен әңгімесінде.

Иә, ол кезде өткір сәуленің зиянын бейхабар әр жас азаматтық борышына адал болды.

Бауыржан Бисалиев Чернобыльден 80 шақырым қашықтықтағы Славутич қаласындағы әскери бөлімге 1986 жылдың 9-қарашасында келген. Содан сол аумақта 2-желтоқсанға дейін қалаға кірме жолдар салу жұмыстарымен айналысты.

- Радиациялық аймақта болу соғыстан да қауіпті. Өйткені, соғыста жауды көзбен көресің, атылған оқты, жарылған бомбаны естисің. Ал, радиация — адам көзіне көрінбейтін, сезінбейтін сәуле. Арнайы химиялық қорғаныс киімдерімен жұмыс жасадық. Күн сайын көшке жұмыс аяқталысымен

міндетті түрде денсаулығымыз тексерілді. Чернобыль маңындағы әскери қалашықта палаткаларда, теміржол вагондарында да тұрдық. Қазір ойлап отырсам, Кеңес одағы сол кезде қауіпті ескеріп, апатты залалсыздандыруға жұмылдырылған адамдардың қызмет мерзімі 1 айдай уақыттан аспай, оларды алмастырып отырған. Әскери кітапшамызда да Чернобыльдың салдарын залалсыздандыруға қатысқанымыз туралы ешқандай дерек жоқ. 2016 жылы ғана архивте деректерде іздестіріп, таптық. Содан бері ғана мемлекеттен әлеуметтік көмектер, өзім еңбек ететін «Ембімұнайгаз» АҚ-нан жыл сайын 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай біржолғы әлеуметтік көмек беріледі, - дейді ол.

Кейін әріптесіміз Черниговке қайта оралып, одан әрі әскери борышын Румыниямен шекаралас Рени қаласындағы теміржол әскерінде жалғастырған. 1988 жылы КСРО Қарулы күштерінің 70 жылдығы медалімен марапатталған.

Әскерге шақырылғанға дейін Бауыржан Әменғалиұлы «Доссормұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Ботакан кен орнында изолировщик болып еңбек етіп бастайды. Елге оралған соң, Байшонаста қабат қысымын сақтау операторы болып еңбекке араласады. Содан 34 жыл бойы табан аудармастан аталған мұнай-газ өндіру басқармасында оператор қызметін атқаруда. Қазіргі таңда Бауыржан Бисалиев Қарсақ кен орнында

жұмыс жасайды.

Адамзат тарихындағы ең ірі техногенді апатты жоюға қатысқандардың жанқиярлығы арқасында апат жойылды.

Чернобыль АЭС-тегі апаттың салдарын жоюға қатысқандарға құрмет көрсету күні Жыл сайын

14 желтоқсанда аталып өтеді. Залалды жоюға қатысқандар бұл күнді – Ликвидатор деп атап кеткен. 35 жылға жуық уақыт өтсе де Чернобыль атом электр станциясындағы апат өткен ғасырдың ұмытылмас оқиғасына айналды.



14 декабря - День ликвидатора последствий аварии на Чернобыльской АЭС

Их не предупреждали о последствиях

14 декабря 1986 года газета «Правда» опубликовала информацию, что саркофаг, построенный над разрушенным энергоблоком номер 4 Чернобыльской атомной станции, принят в эксплуатацию. С тех пор этот день отмечается на территории постсоветского пространства как день ликвидатора Чернобыльской аварии. О «тихом» подвиге ликвидаторов мы беседуем с эмбинцем – слесарем по газовому хозяйству НГДУ «Жылыоймұнайгаз» Сергеем Ивановичем ИГНАТЕНКО.

Сергей Иванович, как вы оказались в Чернобыле?

- Я родился и вырос в Украинской ССР и в июне 1987 года был призван в ряды Советской Армии в тогдашний г. Шевченко в строительные войска. В то время город активно застраивался и мы принимали участие в возведении как жилых зданий, так и объектов в промышленной зоне. Через месяц службы меня в составе строительного отряда направили в Чернобыль для ликвидации аварии. На тот момент вокруг атомной станции была учреждена 30-километровая зона отчуждения, внутрь которой не пропускали никого, кроме ликвидаторов. Мы были задействованы на строительных работах по подготовке бетона, который затем транспортировался на станцию. Также мы строили летние площадки, на которых выступали артисты, приезжавшие с концертами для ликвидаторов. Военная часть базировалась в 17 км от атомной станции и после 3-х месяцев пребывания там, что являлось максимальным допустимым сроком, наш отряд был возвра-



щен обратно в Шевченко, где и продолжилась служба.

Вас предупреждали о негативном воздействии радиации на здоровье?

- Нет, только врач, производивший медицинский осмотр перед отъездом из Чернобы-

ля неофициально рекомендовал не заводить детей в течение 5 лет. Этот срок выдержать не удалось, может поэтому у нас с супругой только один ребенок. К счастью сын здоров и после успешного окончания двух высших учебных заведений работает в Алматы. На состояние здоровья не жалуюсь, но помню врачебные рекомендации о внимательном отношении к своему здоровью.

Как продолжилась ваша жизнь после Чернобыля?

- После возвращения в Шевченко я отслужил положенные 2 года армии и остался еще на 2 года службы в составе военного музыкального оркестра Средне-Азиатского военного округа. У меня было музыкальное образование и в оркестре я играл на валторне. Во время службы в армии познакомился в Шевченко с девушкой из Кульсары и в декабре 1991 года приехал туда для знакомства с ее родителями.

Тогда же сыграли свадьбу и уже 6 января 1992 года я вышел на работу в Кульсаринское ЛПУ слесарем КИПиА. В этой организации я проработал около 20 лет, из которых 5 лет – инженером и в 2017 году успешно сдал тесты перешел на работу в НГДУ «Жылыоймұнайгаз».

Сергей Иванович, нам известно, что вы принимали активное участие и в защите Кульсары от наводнения в 1993 году?

- Да, в тот год мы в составе работников Кульсаринского ЛПУ строили дамбу для защиты от приближающегося паводка. Работали в составе отрядов по 30 человек в течении месяца, сменяя друг друга, укрепляя дамбу мешками с песком. Несмотря на все предпринятые усилия, дамбу снесло сильнейшим паводком. Но спустя некоторое время меня вызвали в акимат, где вручили благодарственное письмо.

Спасибо за интервью!

Справка: 26 апреля 1986 года на четвертом энергоблоке Чернобыльской АЭС проводились испытания турбогенератора: сотрудники электростанции планировали планово отключить систему аварийного охлаждения, остановить реактор и замерить показатели генератора. Однако эксперимент пошел не по плану, раздался взрыв и в 01:23 крыша реактора взлетела в воздух. Непосредственно от самой катастрофы тогда погиб 31 человек. За 206 дней над разрушившимся энергоблоком был построен бетонный саркофаг, или объект «Укрытие». За первые два года в ликвидации последствий взрыва приняли участие почти четверть миллиона человек, а общее число участников ликвидации составило около 650 тысяч.



**Алмагүл ГАБДУЛОВА, «Доссормұнайгаз»
мұнай-газ өндіру басқармасы Қарсақ кен
орнының мұнай және газ өндіру операторы:**

Егемендік дамуға жол ашты

Биыл тәуелсіздік алғанымызға 29 жыл толып отыр. Егемендікке қол жеткізген сонау 1991 жылдан бері Қазақ елі дамудың даңғыл жолынан өтті. Небір қиын кезеңдер мен ауыртпалықтарды бастан кешіріп, биік асуларды бағындырып, жетістіктерге қол жеткізгені де шындық.

Әлбетте, осы шаруаның ешбірі оңайға түскен жоқ. Еліміздің қол жеткізген жетістіктерінде қазақстандық мұнайшылардың, соның ішінде, ембіліктердің қосқан үлесі зор екендігін мақтанышпен айтамыз. Компанияның ресми тарихы басталған 1922 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Ембімұнайгаз» АҚ еліміздің гүлденіп, дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

Ембі мұнайының тарихы Тәуелсіздік шежіресімен бірге өріліп келеді.

Мен 1992 жылдан бері табан аудармастан осы Қарсақ кен орнында мұнай және газ өндіру операторы болып еңбек етудемін. Бастапқы жылдары еңбек еткен мұнайшыларға жасалған жағдай мен бүгінгі ахуалды салыстыруға мүлдем келмейді.

Бүгінде мұнай өндіру және өңдеу

саласында өзгерістер көп. Техника мен технология жаңарды. Өндірістің өрлеу үрдісі үздіксіз жалғасып, мұнай өндіру қарқыны Тәуелсіздік жылдарында елімізде өркеніетті өзгертіп, тұрмысымызды түзеп, экономикамыздың еңсе тіктеуіне мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда Компанияда геологиялық барлау, өндірісті цифрландыру жобаларын енгізу, бизнес-үдерістерді оңтайландыру және өндірістік нысандардың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстардың күесі болып отырмыз. Бұрын қолмен атқаратын жұмыстардың барлығы тарих, естелік болып қалды. Жатақхана, асханаларымыз заман талабына сай жаңғыртылуда.

Еңбек адамының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, олардың алаңсыз ортада еңбек етулері бірінші кезекке қойылып отыр. Мұнайшының еңбек демалысында шипажайларда демалып, денсаулығын нығайту мақсатында қаражат бөлінеді. Мұнайшы балалары демалысының қаражаты да Компания тарапынан ұйымдастырылған. Үлгерімі жоғары

жастардың жоғары білім алуларына да жағдай қарастырылған. Мұның бәрі-қарапайым еңбек адамына жасалған үлкен қамқорлық.

Мұның барлығы – егемендіктің нақты көрінісі. Себебі, Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мұнайшының ауыр еңбегіне көзқарас өзгеріп, отандық мұнай-газ саласы қарқынды дами бастады. Түрлі инвестициялар тартылып, еңбек адамына жағдай жасау қолға алынды. Заманға қарай, жұмысымыз да реттеліп, талай адым алға басқанымызды жұмыс барысында көріп келеміз.

Айта кететін жайт, Қазақ халқы үшін ең қастерлі мереке саналатын Тәуелсіздік күні Қарсақ кен орнының 60 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. мерейімізді одан әрі арттырып тастады.

Осынау уақыт арылығында қарсақтық ұжым тарихи кезеңдерді бастан өткізіп, белгіленген межелерге бірлік пен татулықтың арқасында жете білді. Тәуелсіздікпен қатар дамыды.

Биылғы күрделі кезеңде қауіпсіздігіміз бен денсаулығымызды бірінші орынға



қойған компаниямыздың басшыларына алғысымызды білдіреміз. Бұл – Ембі үшін адам өмірі басты құндылық екендігінің басты көрінісі. Бас компания, «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан үнемі қамқорлықтарды сезінеміз. Бізден, мұнайшылардан талап етілетіні – тек абыройлы еңбек ғана.

Тұғыры биік Тәуелсіздігімізді басты құндылыққа балайтын ембіліктер ел алдындағы жауапкершілікті жете түсініп, алдағы міндеттерді іске асыруда аянып қалмасы анық.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, ембілік әріптестері!

А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, blog_emg@emg.kmgerp.kz электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана

Редакцияның мекен-жайы:

Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77,

21-177. L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21;

21-121. G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09,

21-309 A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары;

С.Нақаев - Басқарма төрағасының

жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының

экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру

департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны

қорғау департаменті директорының орынбасары;

Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс

қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Ақ Жайық» ЖШС

Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев қ., 71А

Байланыс телефондары: 27-23-67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.